

Нұр-Мұбарак Египет ислам мәденисті университеті жанындағы «Философиялық ғылымдар» мамандығы бойынша диссертациялық кеңесіне ұсынылған «6D020600 – Дінтану» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайындаған Аманқұл Темур Оралбайұлының «Кеңестік деуірдегі Қазақстандағы ислам 1920-1950 жылдар» тақырыбына жазылған диссертациялық зерттеу жұмысына ресми рецензенттің

ПІКІРІ

Зерттеу тақырыбының өзектілігі мен оның жалпы ғылыми және жалпы мемлекеттік бағдарамалармен (практиканың және ғылым мен техника дамуының сұранысымен) байланысы.

1917 жылы Ресейдегі билік большевиктердің қолына өтіп, олар өз бағдарламасында «...дініне қарамастан барлық азаматтардың толық тенденция», «шіркеуді мемлекеттен, мектепті шіркеуден бөлуді» жариялады. Бастапқыда дінмен күрес тек үгіт-насихат және әкімшілік шаралармен шектелді. Алайда, азамат соғысының басталуымен коммунистік билік Қазақстан мен басқа да мұсылман елдердегі діни қызметкерлерге ғана емес, тұтас діни ұйымдарға қатысты мәжбүрлеу әдістерін қолдана бастады. Алғашқы жылдары Қазақстандағы билік басына келген коммунистер болса жергілікті халықтың арасында исламның рөлін түсінбей келді. Оларға басты жау болып ұлттық тәуелсіздік үшін күрес жүргізіп келген ұлт зиялышары мен мұсылман дін басылары болып белгіленді. Дегенмен, Қазақстанда басқа советтік мемлекеттерімен салыстырғанда атеистік насиҳаттаушылардың исламды қаралау әдістері ерекше жүзеге асырылды. Большевиктер «жауыққан атеистер одағы» сияқты атеистік ұйымның қызметін Қазақстанның түпкір аймақтарына дейін пайдаланды. Бұл айғақты ұйым белсендеріне жолданған құжаттардан аңғаруға болады. Онда ислам «адал адамдардың саяси, әлеуметтік және жеке өмірін жан-жақты реттейтін» тұтас әлеуметтік-экономикалық жүйе екендігі атап көрсетілген еді.

Коммунистік партияның идеологиялық үстемдігі жағдайында билік мұсылман ұйымдарының еркін қызметіне жол беруді қаламады. Мемлекеттің діни ұйымдарға қарсы жоспарлы шабуылы қоғамдық ұйымдардың контрреволюциялық элементтерге қарсы қозғалысы ретінде ұсынылып, «діни ырымдардың қалдықтарын толығымен жою» міндепті қойылды.

Екінші дүниежүзілік соғыстың бас кезінде болса тұтас КСРО-да ислам іс жүзінде заңсыз болып табылды. Оның исламға қарсы шығарған зандары Қазақстанда қатаң түрде сақталып, жүзеге асырылды. Соғыс кезінде орын алған үкіметтің діндарларға қатысты саясатының өзгеруі нәтижесінде ғана мемлекеттік қысымның әлсіреуі байқалды, ол мұсылмандардың діни басқармаларын зандастыруда көрінді. Құғын-сұргіннің әлсіреуіне Кенес Одағы республикаларының миллиондаған мұсылмандарының Екінші дүниежүзілік соғыс майдандарында фашизмге қарсы қареске қатысуы себеп болды. Соғыстан кейінгі жылдары мешіттер мұсылмандарға қайтарылып,

исламға қарсы насихаттың қарқыны бөсөндөді. Алайда, 1950-шы жылдардың ортасынан бастап Н.С. Хрущевтің билікке келуімен мұсылмандарға қарсы жаңа қудалау саясаты басталды, исламға қарсы үтіг-насиҳат мемлекеттің ресми саясатына айналды.

Міне осы тұста жас зерттеуші Аманқұл Темур Оралбайұлының «Кеңестік дәуірдегі Қазақстандағы ислам 1920-1950 жылдар» диссертациялық жұмысы қазіргі Қазақстаниң ұлттық саясатының негізіне қарай әзірленген деуге болады. Жұмыстың әрбір тарауы мен бөлімдері большевиктердің Қазақстандағы исламға қарсы пайдаланған әдіс-тәсілдерін айқындаумен ерекшеленеді. Жұмыста кеңестік биліктің мұсылмандық білім беру саласына қарсы қабылдаған шаралары, ел ішіндегі жабылған мектептер мен медреселердің діни маңызы, қазақ халқының арасындағы исламның рөлі іспетті мәселелер мұрағат құжаттарымен дәлелді түрде зерделенген. Жас зерттеуші статистикалық мәліметтермен қатар жасаған салыстырмалы талдаулары Қазақстандағы ислам рөлінің жоғары екендігін көрсетіп, революцияға дейін отаршылдық мақсатта жазылған еңбектерге жосын жауап қайтарады. Диссертациялық жұмыстың тарихнамалық бөлімінде автор жана компаравті талдау әдістерін пайдаланып, зерттеуші Брюс Привратскийдің қазақ қоғамындағы исламның дәстүрмен байланысын жан-жақты талдаған. Нәтижесінде 1920-1950 жылдардағы Қазақстандағы исламға қатысты өзіндік дербес пікірін білдіре отырып, хронологиялық әдіспен кеңестік биліктің исламға қарсылығын дәлелді мұрағат құжаттарымен көрсете білген.

Сондықтан Аманқұл Темур Оралбайұлының диссертациялық жұмысы бүгінгі зерттеу талаптарына сай орындалып, қалың жұртқа пайдалы деген ой қорытуға негіз бар. Диссиденттың зерттеу нысанына айналған 1920-1950 жылдардағы Қазақстандағы исламның орны мен қызметі туралы жұмысы күрделі саяси әрі мәдени тақырып болып табылатыны сөзсіз. Осыған қарамастан жас зерттеуші әр деңгейдегі деректерді пайдалана отырып, мәселенің ішкі мазмұнын аша білген. Сол себепті аталған тақырып исламтануғының ғылыми сүбелі үлес қосатынына күмән жоқ.

Зерттеу жұмысының ғылыми жаңалығы мен теориялық мәнділігі.

1920-1950 жылдары исламға қарсы күресті Кеңес үкіметі дәйектілік және қатыгездікпен жүргізгені соншалықты, тіпті «құдайсыз бесжылдықты» жарияладп, оған сәйкес 1937 жылдың 1 мамырына дейін бүкіл КСРО аумағында бірде-бір мешіт қалмауы керек еді. Ал ислам тұжырымдамасының өзі ортағасырлық сарқыншақ ретінде Кеңес Одағынаның ұстанымдарына қайшы келеді деген ой қалыптастыра бастады. Осы уақытқа дейін зерттеу нысанына айналған бұл тақырып біршама зерттелгенімен большевиктік исламға қарсы саясатының өлшемдері мен заңнамасы және теориялық-әдіснамалық бағыты исламтанулық принциптері негізінде тұнғыш рет қолға алынып отыр. Сол себепті диссиденттың зерттеу жұмысында қойылған мақсаты мен міндеттері, соған сәйкес қол жеткізген ғылыми тұжырымдары жаңа болып табылатыны сөзсіз. Диссертацияда зерттеуге қойылатын талаптарға сәйкес ғылыми-теориялық нәтижелерге қол жеткізілген.

- бірінші нәтиже салыстырмалы түрде жаңа. Себебі ізденуші мәселенің тарихнамалық негізі мен теориялық-әдіснамалық аясын жаңа мұрағаттың деректермен толықтырып, 1920-1950 жылдардағы Қазақстандағы исламның орны мен қызметін дінтанулық ұстанымға сүйсне отырып жан-жакты дәйектеген.

- екінші нәтиже жаңа. Бұрын белгісіз болып келген мұрағат құжаттары мен шетелдік зерттеушілердің тақырыпка байланысты ұсынған концепцияларын салыстырып, мәселеге қатысты хронологиялық шеңберін белгілеген және оның ерекшеліктерін сипаттай отырып, Кенес үкіметінің Қазақстандағы исламға қатысты саясатының басқа мемлекеттермен салыстырғанда айрықша екендігін дәлелдеген.

- үшінші нәтиже жаңа. Қазақстанда жүргізілген атеизм саясатының тетіктері жаңа деректермен дәлелді түрде талданған, коммунистік идеологияның күштеп халық санасына енгізілгендігі, сондай-ақ казақ халқының әлеуметтік-экономикалық және мәдени-рухани өміріне әсері, ел ішінде жүзеге асқан байлар мен кулактарды тәркілеу науқаны жылдарында уақыптық жерлердің де үкімет еншісіне откізудің пиғылдары жаңа деректердің ғылыми айналымға тартумен айқындаған.

- Екінші дүниежүзілік соғыс пен кейінгі жылдары кеңестік биліктің тек Қазақстандағы емес, сонымен қатар тұтас КСРО шеңберінде исламға қатысты саясатын бәсендеткенін, оған әсер еткен ішкі және сыртқы факторларының себептерін тоталитарлық биліктің қабылдаған заннамаларын, қаулылары мен ережелерін талдау арқылы тың ғылыми тұжырымдарға қол жеткізген. Сол себепті ізденушінің төртінші жаңалығы да жаңа болып табылады.

- Кеңестік тарихнамада ел ішіндегі діни қызметкерлердің, молдалар мен ахундардың қазақ халқының арасындағы беделі мен рухани-мәдени өмірдегі сүбелі әсері зерттеуден алыс қалған. Оның себебі - әлі күнге дейін тұлғалық мұрағат деректердің қарастырылуына тиым салынуында жатыр. Ізденуші бірқатар мұрағаттардағы құжаттарға қол жеткізіп, мәселенің ішкі мазмұнын аша білген. Аты белгісіз болып келген діни қызметкерлердің ислам дінінің қорғаушылары іспетті болашақ ұрпаққа қалдыру жолындағы курестерін айқындаған. Сондықтан бесінші ғылыми нәтиже де жаңа болып табылатыны сөзсіз.

- алтыншы нәтиже – жаңа. Кеңес үкіметінің атеистік идеология жоланда жүргізген қыруар жұмыстары мен халыққа коммунизмді күштеп сініру саясатын ұстанғанына қарамастан, қазақ халқы өзінің күнделікті тұрмыстық өмірінде ислам мен діни құндылықтарына деген ұстанымдарын диссертант әлеуметтік сауалнама жүргізу мен жаңа мұрағат деректердің салыстырмалы зерделеу арқылы айшықтаған.

Ізденушінің алынған нәтижелерінің тиісті өзекті мәселені, теориялық және қолданбалы міндетті шешуге бағытталғандығы. Зерттеу объектісіне айналған жылдары қазақ халқының діндарлығы мен патриотизм рухы жергілікті халықты исламға қарсы қоя алмады. Осы уақытта ислам

қағидалары отбасылық тәрбие арқылы беріліп отырды. Ислам қазақтардың мәдениетіне терең еніп, Кеңес үкіметі жылдары мемлекеттің халықты діннен алшактатуға бағытталған күшейтілген әрекеттері керісінше нәтиже көрсетті. Аталған мәселелерді ізденушінің диссертациясынан аңғаруға әбден мүмкін. Сол себепті диссертацияда келтірілген тарихи фактілері мен ғылыми тұжырымдары, пайдаланылған әдебиет тізімі мен мұрағат құжаттары діни басқарма мамандары, тақырыпқа қызығушылық танытып жүрген зерттеушілерге пайда беретіні анық. Сонымен қатар зерттеу жұмысындағы дәлел-дәйектер, теориялық-әдіснамалық негізі мен қол жеткізілген тұжырымдары жоғары оқу орындарында дінтану, исламтану, тарихшы, философия, саясаттану және халықаралық қатынастар мамандықтарында білім алып жүрген білімгерлер пайдалана алады. Диссертациядағы материалдарды арнайы курс сабактарында және оқу құралы мен окулықтарды жазуда мол пайдасы бар екенігі сөзсіз.

Зерттеу жұмысының ғылыми нәтижелерінің негізделуі мен шынайылық дәрежесі. Зерттеу нысанына байланысты диссертациядағы теориялық және әдіснамалық мәселелерді, алдына қойған мақсаты мен міндеттерді шешуде қазақ, орыс, ағылшын және француз бен неміс тілдерінде жарық көрген 366 астам дерек, оның ішінде 192-ден астам мұрағат материалдары пайдаланылған. Тақырыпты ашуда диссиденттік барынша салыстырмалы талдау мен халықаралық деңгейде белгілі жаңа әдістерді пайдалана отырып, диссертацияның ішкі мазмұнын аша білген.

Ізденуші Аманқұл Темур Оралбайұлы таңдаған зерттеу жұмысында мәселенің теориялық-әдіснамалық негізін жаңа қырынан қарастырған, тарихнамалық базаны кеңейтіп, әрбір мұрағат матарилдарын жан-жақты сараптаған. Жұмыстың ішкі құрылымындағы кеңестік биліктің Қазақстандағы исламға қарсы шығарған зандарын жүйелеген, мұсылмандық мектептер мен медреселерге, мешіттер мен қасиетті орындарға бағытталған кеңестік шараларды зерделеген, атеистік үгіт-насихаттық жұмыстарын талдап қоймай, оның нәтижелерін сараптаған, коммунистік биліктің қазақ халқына қарсы ұстанған саясатының салдарын айқындап, ел ішіндегі қарсылық әрекеттерін кешенді түрде сұзектен өткізген, КСРО мен умма арасындағы байланыстары мен тоталитарлық биліктің шығыс саясатының себептерін ой елегінен өткізген, коммунизмнің даму шынына жеткен жылдары имам-молдалар мен жалпы діни қызметкерлердің ислам дінін сақтаудағы қызметін айқындаған.

Алынған нәтижелерінің ішкі бірлігінің бағалануы. Аманқұл Темур Оралбайұлының диссертациялық жұмысының құрылымы мен ішкі бірлігі жоғары дәрежеде орындалған. Жұмыстың тарауларындағы әрбір бөлімдерінде өзіндік ерекше кіріспесі, содан соң мәселенің мазмұнын ашуға бет бұргандығы, бөлімдердің соңында ғылыми тұжырымдарды жасағандығы зерттеудің құнын арта түсірген. Диссертациялық жұмыста қатаң түрде хронологиялық жүйелілік сақталғаны аңғартады. Кеңестік биліктің

Қазақстандағы исламға қарсы ұстанымы мен шаралары дәлелді деректермен нақтыланып зерттелген. Жас зерттеушінің диссертацияда қойған мақсаты мен міндеттері, қол жеткізілген гылыми тұжырымдары және жаңалықтары өзара байланысты, сабактастық пен логикалық үйлесімділік сақталған. Диссертациялық жұмыстың ішкі бірлігі мен мазмұны концептуалдық тұрғыдан тұтастығымен ерекшеленеді. Сондыктан Аманқұл Темур Оралбайұлының диссертациясы кешенді зерттеу жұмысы болып табылатыны дау туғызбайды.

Диссертациялық жұмыстың мазмұны. Аманқұл Темур Оралбайұлының «Кеңестік дәуірдегі Қазақстандағы ислам 1920-1950 жылдар» атты диссертациялық зерттеу жұмысы қысқартулар, кіріспе, үш көлемді тарау: бірінші тарауда үш бөлім, екінші тарауда төрт көлемді бөлім, үшінші тарауда екі бөлім, қорытынды және пайдаланылған әдібиет тізімінен тұрады. Бірінші тарауда зерттеуші нысаналы мәселелерді шешуді алдына мақсат етіп қойған. Бірінші, тақырыптың теориялық-әдіснамалық негізін жаңа қырынан қарастырып, аясын кеңейткен. Екінші, тарихнамалық шолу жасап, әрбір автордың еңбегін талдау әдісі арқылы Қазақстандағы ислам зерттеулеріне қатысты мәселені жүйелеген. Үшінші, ғылыми айналымда жүрген деректермен қатар жаңа мұрағаттық құжаттарды саралай отырып, бөлімнің ішкі бірлігі мен тұтастығын сақтай білген.

Зерттеу жұмысының екінші тарауында диссидентант 1920-1950 жылдары Қазақстандағы мұсылмандық пен жалпы исламның жағдайын саралаған. Кеңестік үкіметінің жалпы дін саясатын талдап, исламға қарсы қабылдаған заңнамалық негізін жүйелі түрде қарастырған. Қазақстандағы мұсылмандық білім беру мекемелері мен мешіттер және діни ұйымдардың сатылы түрде жабылғандығы, оларға қарсы кеңестік биліктің ерекше саясатын мұрағат құжаттарымен ашқан. Қазақстанда белен алған атеистік үгіт-насихаттық жұмыстардың жүргізілу барысы мен салдарларын ой елегінен өткізген. 1930-шы жылдары туындаған ұлт-азаттық қозғалыстардың астарында әлеуметтік-экономикалық және саяси себептермен қатар діни фактордың бар екендігін дәлелдеген.

Үшінші тарауда қолға алынған мәселелер де ұтымды болып табылады. Себебі кеңестік билік пен умма арасындағы байланыстар және имам-молдалардың, ишандар мен жалпы діни қызметкерлердің қазақтың діни-этикалық тәрбиесін, рухани-мәдени болмысын сақтаудағы рөлі мен қызметі бұрын сонды кешенді зерттеу объектісіне айналмаған еді.

Диссертацияның мазмұнындағы және рәсімделуіндегі кемшіліктер.

Аманқұл Темур Оралбайұлының диссертациялық жұмысы жоғары дәрежеде орындалғанына қарамастан, ішкі мазмұны мен кейбір тарауларында жұмыстың тұтастығына әсер етпейтін кемшіліктер де кездеседі. Ізденуші болашақ зерттеу жұмыстарында бұны ескере отырып, оның алдын алады және аталған кемшіліктерді ұсыныс ретінде қабылдайды деген үміттеміз.

1. Диссертацияның хронологиялық шенбері негізі Қазақстанға үш басшының келуімен ерекшеленеді. Біріншісі, Ф.И. Голошекин, екіншісі, Л. Мирзоян және үшіншісі, Ж.Ш. Шаяхметов. Жұмыстың ішкі құрылымында осы аталған үш басшының діни саясатының өзара ерекшеліктері бөлек жазылғанда жұмыстың құны одан сайын артатын еді.

2. Большевиктік биліктің алғашқы жылдарында Қазақстанның діни басқармасы баста Уфаға (Башқұртстан), сонаң соң Ташкентке (Өзбекстан) қаратылғаны тарих көрсетіп отыр. Диссертацияда коммунистік биліктің мұндай саясатты ұстануының себеп салдары ашылғанда жалпы жұмыстың ғылыми дәрежесі өсетін еді.

Диссертациялық жұмыстың КР БФМ Білім және ғылым саласындағы бақылау комитетінің «Ғылыми дәрежелер беру ережелерінің» 2 бөлімінің талаптарына сәйкестігі.

«6D020600 – Дінтану» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу мақсатында дайындаған Аманқұл Темур Оралбайұлының «Кеңестік дәуірдегі Қазақстандағы ислам 1920-1950 жылдар» атты диссертациялық зерттеу жұмысының мазмұны мен рәсімделуі КР БФМ Білім және ғылым саласындағы бақылау комитетінің талаптарына толық сәйкес келеді, ал оның авторы «6D020600 – Дінтану» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайық деп есептеймін.

Ресми рецензент:

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің саясаттану және әлеуметтік философиялық пәндер кафедрасының профессоры, философия ғылымдарының докторы

РАСТАЙЫН: Абай атындағы ҚазНПУ
ГЕРСЕНДАРДЫ БАСКАРУ ӘДЕМІНІҢ БАСТЫҒЫ!
ЗАВЕРШО: НАЧАЛЬНИК ОТДЕЛА ПО
УПРАВЛЕНИЮ ПЕРСОНАЛО
КазНПУ имени Абая

Д.Ә. Қусайынов

